

Ынтымақтастық туралы меморандум

Меркі ауылы

«__» «_____» 2022 жыл

Өрі қарай «№9 Меркі колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны мекемесі атынан, басшысы Мамырбаев Галымжан Қырықбаевич бірінші тараптан және ары қарай «Алтын қалам и К» жеке кәсіпкерлік атынан басшы Серік Құралбай екінші тараптан, бірге аталғанда «Тараптар» төмендегілер туралы осы меморандумға қол қойды:

1.МЕМОРАНДУМНЫҢ МАҚСАТЫ

1.1. Тараптар «Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының №9 Меркі колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны студенттері мен түлектеріне арналған басылым ұйымдастырып шығару, студенттердің практикадан өтуі мен жұмысқа орналасуына және осы мекеменің баспаханасында өздеріне арналған басылымдарды даярлап жүзеге асыру мақсатында осы Меморандумды жасасты.

2.ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ҚОЛДАУ

2.1. Ынтымастықты дамыту төмендегілер арқылы қолдау табады:

- 1) Тараптар арасында бірлескен жұмыс үшін соның ішінде «құқылы» ұйым ретінде, байланыстар орнатып, өзара тәжірибе алмасулар үшін жағымды жағдайлар жасау;
- 2) Бірлескен жобалар мен бағдарламаларды енгізуге және қоғамдық маңызды іс –шараларды (конференциялар, семинарлар, форумдар, брифингтер, көрмелер, кездесулер) өткізуге ықпал ету;

3.ТАРАПТАРДЫҢ ӨЗАРА ЫҚПАЛДАСТЫҒЫ

3.1 осы Меморандумның аясында Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын, басқа да нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа алады және өзара ықпалдастықты тең құқықтылық, ашықтық және сенімділік принциптері негізінде жүзеге асырады.

3.2.Тараптар осы Меморандумының тармақтарын орындау мәселелері бойынша бір-бірімен туындаған мәселелерді қарастыру және бірлескен іс-

қимылдарды жүргізу үшін Тараптар жіберген басшылар немесе өкілетті өкілдер арқылы өзара әрекет жасайды.

3.3. Осы Меморандумның аясында өзара ықпалдастықты келесі формалары қарастырылады, бірақ төменде келтірілген тізіммен шектелмейді:

- өскелең ұрпақтың мемлекеттік және тарихи сана-сезімін қалыптастыру үрдісін ғылыми - талдамалық және сараптамалық қамтамасыз ету;
- жалпы және қосымша білім берудің құрылымы мен мазмұнын жетілдіруді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету;
- мақсатты әлуметтік маңызы бар жобалар мен іс-шараларды бірлесіп ұйымдастыру;
- Тараптардың қызметін жақсартуға бағытталған бірлескен инновациялық жобаларды дайындау және өткізу;
- Тараптардың кез келгені ұйымдастырған конференцияларға, семинарларға, форумдарға және басқа да іс-шараларға Тараптардың өкілдерінің қатысуымен қызметтің сәйкес салалары бойынша Тараптардың жинақтаған тәжірибелерімен және білімдерімен алмасуы;
- тұрақты түрде бірлескен, соның ішінде жастар ұйымдары өкілдерінің қатысуымен Тараптардың бейнеконференциясы форматында ұйымдастырған кездесулер өткізу;
- білім, ғылым және мәдениет саласындағы бұқаралық қызығушылық тудыратын ақпараттармен алмасу.

4. МЕМОРАНДУМНЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ

4.1. осы Меморандум Тараптардың қол қойған күнінен бастап күшіне енеді және 3 (үш) жыл қолданыста болады.

4.2. Меморандум кез келген уақытта Тараптардың өзара келісімі немесе біреуінің ниеті бойынша болжамдағы шарт бұзылатын 15 күнтүзбелік күн қалғанға дейін өзге Қатысушыны алдын ала құлақтандырып барып бұзылуы мүмкін.

4.3. Ынтымақтастықтың нақты формалары, реттері, мерзімдері мен ортақ мақсатқа жетудегі басқа да шарттары Тараптардың қосымша келісімшарттарында (келісімдерінде) анықталады.

4.4. осы Меморандумды бұзу Тараптар арасында бұрын уағдаласқан міндеттемелер бойынша жасалған келісімшарттарды (келісімдерді) бұзуға алып келмейді.

5. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 5.1. Тараптардың осы Меморандумды бірлескен жұмыстар бойынша заңды және қаржылық міндеттемелер туындатпайтын мақсат- ниеттер туралы декларация ретінде қарастырады.
- 5.2. Қатысушылар сондай- ақ осы Меморандумның аясындағы ешқандай іс - қимылдардың Тараптардың бір де біреуінің қандай да бір құзыреттіліктері мен құқықтарына қысым жасамауы тиіс екендігін негізге алады.
- 5.3. Осы Мемарандумның ережелерін түсіндіру және қолдану кезінде дау немесе түсініспеушілік туындаған жағдайда Тараптар оларды кеңестер және келіссөздер ұйымдастыру арқылы шешеді.
- 5.4 осы Меморандум аясындағы операцияларды жүргізу үшін жасалған келісімшарттарды (келісімдерді) іске асыру кезінде туындаған даулар мен түсініспеушіліктерді шешу тәртібі көрсетілген келісімшарттарда (келісімдерде) белгіленеді.
- 5.5. осы Меморандумға енгізілетін барлық өзгерістер, толықтырулар оның ажырамас белгі болып табылады және тек олар жазбаша түрде құрстырылған және екі Тарап та қол қойған кезде ғана жарамды.
- 5.6. Меморандум 2 (екі) данадан қазақ тілінде , әр Тарап үшін 1 (бір) данадан құрастырылған.

6. Тараптардың заңды мекенжайлары

«Алтын қалам и К» ЖК



«Жамбыл облысы әкімдігі
білім басқармасының №9
Меркі колледжі» коммуналдық
мемлекеттік
казыналық кәсіпорны
БИН 080240020431

Директоры

